

**Аққұдық орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Өтілген күні: 28.05.2022

Қатысқандар:

1. Иманқұлов Аскар – Қамқоршылық кеңес төрағасы, КХ «Мурат» басшысы.
2. Жампинова Роза – Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары, ЖК «Несібе» дүкені басшысы.
3. Ноғайбаев Сабыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ақсақалдар қауымдастығының мүшесі.
4. Сейтжанов Бауыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер.
5. Аблясов Максат – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ЖШС «АМК», мастер.
6. Сарсеков Бауыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Жандос» басшысы.
7. Төлепберген Ерлан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Ерулан» басшысы.
8. Жаманова Даража – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Жаманов» басшысы.
9. Даулетьярова Анара – Қамқоршылық кеңес мүшесі, Аққұдық ауылдық округі әкімінің бас маманы.

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары
2. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру
3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша- Мектеп директоры А.М.кунтаев «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелеріне жылдық есебіне талдау жасап, толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені туралы хабардар етті. 2021-2022 оқу жылы сәтті аяқталып, айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Биылғы оқу жылында ғылыми жоба, олимпиада, байқауларға қатысып, оқушыларымыз керемет нәтиже көрсетті. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы-56% . Оқушыларымыз спорттық сайыстардан, ән, би байқауларынан да қалыс қалмады. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үнемі қолдау көрсетіліп, ыстық тамақпен де қамтылды. Мектепте қолайсыз, жетім, есепте тұрған оқушылар жоқ екендігін айтып өтті. Сонымен қатар биылғы жылы дәстүрлі «Туған жерге тағзым» акциясы аясында «Самғатқан сан қыранды, алтын ұям!» атты түлектер форумы өтіліп, мектептің 40, 35, 20 жыл болған түлектері қатысып, демеушілік танытып, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға өз үлестерін қосты.

Екінші мәселе бойынша- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Муздакова сөз алды. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру үшін оқушылардың сақтық шараларымен қамтамасыз ету мақсатында ата аналарға және 1-11 класс оқушыларына түсінік жұмыстары жүргізілді. Мектепте «Балдәурен» жазғы алаңы жұмыс жасайды. Алаңға 0-4 класс оқушыларынан 30 бала 2 кезеңге қамтылды. Алаңның жоспары жасалынып, бекітілді. Қала сыртындағы лагерьге де мектебімізден 5 баланың тізімі жасақталып, аудандық білім бөліміне жіберілді. Ал, мектептің абаттандыру жұмысына келетін болсам, мектеп ауласының маңына мектеп ұжымы, техқызметкерлер және өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері, «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының мүшелерінің атсалысуымен тазалық жұмыстары жүргізілді. Талдардың түптері қопсытылып, жаңадан бірнеше талдар егілді.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы А.С.Иманкулов сөз алды. 25 мамыр күні "Туған жерге тағзым" акциясының аясында "Түлектермен кездесу кеші" өтті. Ауылымызда туып-өсіп, бүгінде еліміздің әр жерінде, еңбек етіп, істерін өрге бастырған азаматтар тарапынан мектебімізге көптеген игі істер жасауда. Мектепті 40, 35, 30, 20 жыл бұрын бітірген мектеп түлектері алтын ұя мектебімен қауышты. 1982ж, 1987 жылғы түлектер технология және физика кабинетін 400 000 тенге көлемінде жалюзимен жабдықтады. 1992 жылғы түлектер мектепке 150 000 тенге көлемінде теледидар алып берсе, 2002 жылғы түлектер 100 000 тенге көлемінде математика және орыс тілі кабинетін жиһазбен жабдықтады. Осындай игі істер әлі де жалғасын табады деген сенімдеміз.

Шешім:

- 1.2021-2022 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда ата-аналармен бірлескен сақтық шаралары жүргізіліп, сапалы түрде оқушылардың жазғы демалысы ұйымдастырылсын.
3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған жұмыстар жақсы деп танылып, ары қарай да жалғасын тапсын.









Төраға:

Хатшы:

А.С.Иманкулов - қамқоршылық кеңестің төрағасы

А.Е.Акниязова

Мүшелері:

<u>Р.Жампинова</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>С.Ногайбаев</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Б.Сейтжанов</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>М.Аблясов</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Б.Сарсеков</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Е.Төлепберген</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Д.Жаманова</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>А.Даулетьярова</u>	/  /
(АТӘ)	қолы